Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ, бұдан әрі Страхователь деп аталатын, _____ негізінде қызмет ететін _____ _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі Страховщик деп аталатын, _____ негізінде қызмет ететін _____ _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» мамыр №193) ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ТҮСІНІКТЕР

1.1. Әкімшілік шығыстар – Сақтандырушының Шартты жүргізу және әкімшілендіру бойынша шығыстары;

1.2. Амбулаториялық-емханалық көмек – Ссақтандырушымен жазбаша келісілген және Шартта көзделген жағдайларда медициналық ұйымдарда, сондай-ақ басқа да медициналық ұйымдарда Сақтандырылған адамдарға амбулаториялық-емханалық режимде медициналық қызметтер көрсету;

1.3. Шұғыл көрсетілімдер бойынша амбулаториялық-емханалық көмек – Сақтандырылған адамға амбулаториялық-емханалық жағдайларда өмірге қауіп төндіретін шұғыл жағдайларды жоюға бағытталған шұғыл медициналық көмек көрсету, шұғыл көрсетілімдер бойынша амбулаториялық-емханалық көмек мыналарды қамтиды және осылармен шектеледі:

1.3.1. Отбасы дәрігерінің, қажет болған жағдайда маман дәрігердің алғашқы консультациясы;

1.3.2. Зертханалық-аспаптық зерттеулер, атап айтқанда: қанның жалпы талдауы, жалпы талдау, несептің жалпы талдауы, УДЗ диагностикасы, ЭКГ диагностикасы, рентген диагностикасы;

1.3.3. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын ашу.

1.4. Емдік көрсетілімдер бойынша амбулаториялық-емханалық көмек – Сақтандырылған адамда жіті немесе созылмалы аурулардың асқынуы кезінде амбулаториялық-емханалық жағдайларда медициналық қызмет көрсету. Амбулаториялық-емханалық көмек отбасылық дәрігерлер мен маман дәрігерлердің консультацияларын, орта медициналық қызметкерлердің қызметтерін, физиотерапия қызметтерін, уқалауды, еңбекке уақытша жарамсыздығын толық сараптауды қамтиды;

1.5. Дәрігер – жоғары медициналық білімі бар, медициналық ұйыммен немесе Медициналық ассистанспен шарт негізінде Сақтандырылған адамдарға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын маман; сондай-ақ тиісті лицензия негізінде жеке медициналық практикамен айналысатын мамандар;

1.6. Пайда алушы – Шартқа сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға; Мыналар Пайда алушылар болып танылады:

1.6.1. Медициналық ассистанстың және/немесе медициналық ұйымдардың қызметтерді ұйымдастыруы мен көрсетуі жағдайында – Медициналық ассистанс;

1.6.2. Сақтандырылған адамдар қызметтерді өз бетінше төлеген жағдайда, Шарт талаптары бойынша – Сақтандырылған адам.

1.7. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі - бюджет қаражаты есебінен ұсынылатын медициналық көмектің көлемі;

1.8. Ауруханаға жатқызу (стационарлық емдеу) – Сақтандырылған адамға стационарлық жағдайда кемінде бір тәулік мерзімге медициналық көмек көрсету;

1.9. Жоспарлы көрсетілімдер бойынша емдеуге жатқызу (стационарлық емдеу) –маман дәрігердің (отбасылық дәрігер, тар сала маманы) алдын ала тексеруден және диагностикалауынан кейін және отбасылық дәрігердің жолдамасы бойынша Сақтандырылған адамның созылмалы ауруларының асқынуын тексеру және/немесе емдеу үшін жүзеге асырылатын Сақтандырушының тізіміндегі медициналық ұйымдарға жатқызу;

1.10. Шұғыл көрсетілімдер бойынша ауруханаға жатқызу (стационарлық емдеу) – Сақтандырылған адамның өміріне қауіп төндіріп, денсаулық жағдайы кенеттен нашарлаған жағдайда Сақтандырушының тізіміндегі медициналық ұйымдарға жатқызу;

1.11. Қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер – медицина қызметкерлерінің өзара, жеке тұлғалармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен қашықтықтан өзара іс-қимылын, көрсетілген адамдарды сәйкестендіруді, сондай-ақ олар жасайтын әрекеттерді құжаттауды қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар арқылы диагностика, емдеу, медициналық оңалту және аурулар мен жарақаттардың профилактикасы, зерттеулер мен бағалау жүргізу мақсатында медициналық қызметтерді ұсыну. Бұл қызметті Қазақстан

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Республикасының аумағында лицензияланатын қызмет түрімен медициналық ұйымдарда жұмыс істейтін білікті медициналық мамандар ұсынады. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде дәрігердің екінші медициналық пікірін алуды ескере отырып, аурудың даулы және күрделі жағдайлары кезінде.

1.12. Күндізгі стационар – Сақтандырылған адамға отбасы дәрігерінің жолдамасы бойынша Сақтандырушы тізіміндегі стационарларда/ұйымдарда күндізгі болу бөлімшелерінде/палаталарында медициналық қызметтерді ұсыну. Күндізгі стационарға қызмет көрсету мыналарды қамтиды:

1.12.1. Сақтандырылған адамның ауру бейіні бойынша маман дәрігерлердің консультациялары;

1.12.2. диагностиканың қажетті зертханалық-аспаптық әдістерін жүргізу;

1.12.3. отбасылық дәрігер немесе маман дәрігер тағайындаған орта медициналық персоналдың қызметтері.

1.13. Қазақстан Республикасынан шетелге шығатын адамдарды ерікті сақтандыру шарты – Сақтандырушы Сақтандырылған адам(дар)ға беретін және Сақтандырушы мен Сақтандырылған адам(дар) арасындағы қатынастарды, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін, оны төлеу тәртібі мен мерзімдерін, сақтандыру төлемін жүзеге асыру сомасын, тәртібін, мөлшерін және мерзімдерін, сондай-ақ сақтандырудың өзге де талаптарын регламенттейтін Сақтандыру шарты болып табылатын құжат;

1.14. Ауру – функциялық және/немесе морфологиялық өзгерістерге байланысты Сақтандырылған адам ағзасы мүшелерінің немесе жүйелерінің қалыпты тіршілік әрекетінің бұзылуы;

1.15. Сақтандырылған адамдар – Сақтандырылған адамдар тізімінде көрсетілген, ауырған жағдайда сақтандыру және шетелге шығушыларды сақтандыру жүзеге асырылатын Сақтанушының қызметкерлері, сондай-ақ қызметкердің отбасы мүшелері;

1.16. Сақтандыруға арналған сауалнама өтініш – Шарт жасасуға негіз болатын Сақтандырушы белгілеген өтініш үлгісінің нысаны;

1.17. Аспаптық зерттеулер – арнайы медициналық жабдықтардың немесе аппараттардың көмегімен диагностикалық зерттеулер (магнитті-резонанстық томография, компьютерлік томография, рентгенография, рентгеноскопия, маммография, клиникалық физиологияны зерттеу – УДЗ (ультрадыбыстық зерттеу), эндоскопия – ФГДС, колоноскопия, электроэнцефалография, электрокардиография (жүктемемен және тыныштық жағдайында), Холтер мониторингі, клиникалық физиологияны тексеру, офтальмологиялық - оптикалық когеренттік томография (ОКТ), автокераторефрактометрия, көру өткірлігін бағалау (визометрия), тонометрия, компьютерлік периметрия, кератотопография, байланыссыз когерентті биометрия, ультрадыбыстық биометрия, пахиметрия, көз түбінің фотосуреті, флюоресцентті ангиография, көз УДЗ (АВ-сканерлеу), экзофтальмометрия, гониоскопия, ЛОР – эндоскопиялық зерттеулер және т. б.)

1.18. Есептен шығару санаты – сақтандыру сомасының лимитін көрсете отырып, Сақтандыру бағдарламасында көрсетілген өтеу бойынша жеке позицияға біріктірілген бастапқы медициналық қызметтердің тізбесі. Амбулаториялық-емханалық көмек, емдік уқалау, стоматология, дәрілік заттар Есептен шығару санаты болуы мүмкін.

1.19. Клиникалық хаттама - пациенттің белгілі бір ауруы немесе жағдайы кезінде алдын алу, диагностикалау, емдеу бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар. Бұл ретте, дәрігердің емдеудің клиникалық хаттамаларынан дәрілік препараттарды көрсеткіштері бойынша тағайындауына тыс жол беріледі.

1.20. Тәулік бойғы диспетчерлік қызмет – бұл Медициналық ассистанстың диспетчерлік қызметі, ол өз қызметін тәулігіне 24 (жиырма төрт) сағат аптасына 7 (жеті) күн жүзеге асырады және мынадай функцияларды орындайды: жедел жәрдемді және/немесе отбасылық дәрігерді үйге шақыруды қабылдайды; тар бейінді дәрігерлерге қабылдауға және зертханалық-диагностикалық зерттеулерге жазуды жүзеге асырады; медициналық консультациялар; тар бейінді дәрігерлердің жұмысы бойынша анықтамалық ақпарат береді (жұмыс кестесі, мекенжайлары, медициналық ұйымдардың телефондары), сондай-ақ Сақтандырылған адамның бағдарламалары, лимиттері мен шығыстары бойынша ақпарат береді. Тәулік бойғы диспетчерлік қызметтің телефон нөмірлері медициналық пластикалық карточкада көрсетіледі.

1.21. Зертханалық/аспаптық зерттеулер – диагнозды нақтылау, растау немесе болдырмау мақсатында жүргізілетін зерттеулер/талдаулар.

1.22. Дәрілік зат – адам ағзасымен байланысқа түсетін, адам ауруларын емдеуге, олардың алдын алуға немесе фармакологиялық, иммунологиялық не метаболикалық әсер ету арқылы оның физиологиялық функцияларын қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе аурулар мен адамның жай-күйін диагностикалауға арналған затты білдіретін не құрамында зат немесе заттар комбинациясы бар құрал;

1.23. Жауапкершілік лимиті – Сақтандыру бағдарламасында белгіленген есептен шығарудың жеке санаты бойынша сақтандыру сомасы.

1.24. Медициналық ассистанс (Ассистанс) – Сақтандырушымен ынтымақтастық туралы шарт негізінде Сақтандырушының атынан Сақтандырушыға Шартта және Сақтандыру бағдарламасында көзделген медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды, үйлестіруді, есепке алуды және бақылауды, сондай-ақ медициналық қызметтің тиісті сапасын бақылауды жүзеге асыруға міндеттеме қабылдайтын заңды тұлға;

1.25. Медициналық үйлестіруші – Сақтандырылған адамның медициналық қызмет көрсетуін ұйымдастыруды, үйлестіруді және олардың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тиісті сапасын бақылауды жүзеге асыратын және Сақтандырушымен өзара қарым-қатынаста Сақтандырушының атынан әрекет ететін Медициналық ассистанс қызметкері;

1.26. Сақтандыру менеджері – ҚР аумағында және шетелде медициналық сақтандыру мәселелері бойынша Шартты сүйемелдеуді, Медициналық ассистанспен өзара іс-қимылды, Сақтанушыға (Сақтандырылған адамға) консультацияларды жүзеге асыратын Сақтандырушының қызметкері.

1.27. Медициналық ұйымдар – ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан, негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын, тиісті лицензия негізінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары (ауруханалар, клиникалар, емханалар, диагностикалық орталықтар, диспансерлер, жедел медициналық жәрдем станциялары, республикалық мамандандырылған медициналық орталықтар, ғылыми-зерттеу институттарының клиникалары, шипажайлық-курорттық және оңалту ұйымдары, дәріхана ұйымдары - дәріханалар, дәріхана қоймалары, дәріхана пункттері, дәріхана дүңгіршектері);

1.28. Медициналық ұйымдар және Сақтандырушының тізіміндегі дәрігерлер (бұдан әрі – Сақтандырушының тізімі) – Медициналық ассистанспен Сақтандырылған адамдарға медициналық көмек және/немесе дәрілік заттарды беру шарттары мен тәртібін айқындайтын шарттар жасасқан медициналық ұйымдар мен дәрігерлер. Сақтандырушының тізімі Сақтандыру шартына №5 қосымшада көрсетілген;

1.29. Медициналық пластикалық карточка (бұдан әрі – «медициналық пластикалық карточка») – Сақтандырылған адамға бекітілген Сақтандыру бағдарламасына сәйкес Сақтандырылған адамның тегін медициналық қызметтерді алуға және/немесе медициналық шығындарды өтеуге құқығын растайтын, Сақтандырушы Сақтандырылған адамға ресімдеген сәйкестендіру құжаты. Медициналық пластикалық карточка Сақтандырылған адамның жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жарамды.

1.30. Медициналық көмек – Сақтандырылған адамдарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

1.31. Жалпы практика медбике (орта медициналық персонал) – кеңейтілген практика мейіргері - мейіргерлік күтім шеңберінде кеңейтілген функцияларды жүзеге асыратын, Мейіргер ісі саласындағы орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар маман;

1.32. Медициналық қызметтер - медициналық қызметтер - Сақтандырылған адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдік, оңалту және паллиативтік бағыты бар денсаулық сақтау субъектілерінің іс-әрекеттері;

1.33. Отбасылық дәрігердің немесе медициналық ассистанстың маман дәрігерінің жолдамасы немесе рецептуралық бланкісі - Сақтандырылушының тізімі бойынша медициналық ұйымдарда медициналық қызметтерді немесе дәрілік заттарды алу үшін белгіленген үлгідегі құжаттар.

1.34. Шарт бойынша жалпы сақтандыру сомасы – Сақтандыру бағдарламасына сәйкес, сақтандыру жағдайы басталған кезде немесе Шарт қолданылуының барлық кезеңінде барлық Сақтандырылған адамдар бойынша бірнеше сақтандыру жағдайы басталған кезде медициналық қызметтердің барлық түрлері бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі;

1.35. Бір Сақтандырылған адам бойынша жалпы сақтандыру сомасы – Сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық қызметтердің барлық түрлері бойынша, сақтандыру жағдайы басталған кезде немесе осы Сақтандырылған адам бойынша Шарттың барлық қолданылу кезеңінде бірнеше сақтандыру жағдайы болған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі. Егер Сақтандырылған адамға оның отбасы мүшелері тіркелген болса, Сақтандырылған адам мен отбасының барлық мүшелері үшін сақтандыру сомасы ортақ болып табылады;

1.36. Жабылатын шығыстар – Сақтандыру бағдарламасы, сақтандыру шарты шеңберіндегі медициналық көрсетілімдерге сәйкес Сақтандырылған адамға тағайындалған дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар.

1.37. Сақтандыру бағдарламасы (Бағдарлама, техникалық сипаттама) – Сақтандырушы Сақтандырылған адамға ұсынатын медициналық қызметтердің санаттары (тізбесі) мен сақтандыру сомалары көрсетілген медициналық қызметтердің көлемі мен түрлері (Шартқа №2 қосымша);

1.38. Кәсіптік ауру – қызметкердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауына байланысты оған зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған жіті және созылмалы ауру;

1.39. Кінәрат-талап (шағым) (№15 қосымша) – Шарт талаптарының бұзылуын жоюды талап ете отырып, сондай-ақ медициналық қызметтерді сапасыз көрсетілгені туралы Сақтанушының (Сақтандырылған адамның) Сақтандырушыға (Медициналық ассистансқа) беретін жазбаша, ресми, негізделген өтініші;

1.40. Отбасылық дәрігер - отбасы мүшелеріне алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету бойынша арнайы көп бейінді даярлықтан өткен және денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты бар дәрігер;

1.41. Медицина қызметкерінің құпиясын сақтау-медицина қызметкерінің құпиясын жария етпеу туралы медициналық ұйымдардың мінез-құлық қағидалары;

1.42. Сақтандырылған адамдардың тізімі – Сақтанушының Сақтандырушыға ұсынатын медициналық қызметтер көрсетілетін адамдар

тізбесі, онда Сақтандырылған адамның аты-жөні, туған жылы, ЖСН, сақтандырылғанның статусы (Негізгі ұстаушы/отбасы мүшесі) нақты тұрғылықты мекенжайы және телефоны, Сақтандыру бағдарламасы, сақтандыру кезеңі, сақтандыру сыйлықақысы көрсетіледі. Сақтандырылған адамдардың тізімі – Шартқа №4 қосымша;

1.43. Сақтандыру тәуекелі – сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығы;

1.44. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы; Шартта сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінің бірнеше деңгейі белгіленеді;

1.45. Сақтандыру төлемі-сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) шарт талаптарына сәйкес сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

1.46. Бір Сақтандырылған адам бойынша медициналық қызметтердің түрі (санаты) бойынша жалпы сақтандыру сомасы – Сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық қызметтердің жекелеген түрі/санаты бойынша, сақтандыру жағдайы басталған кезде немесе осы Сақтандырылған адам бойынша Шарттың барлық қолданылу кезеңінде бірнеше сақтандыру жағдайы болған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі. Егер Сақтандырылған адамға оның отбасцы мүшелері тіркелсе, Сақтандырылған адам мен оның отбасының барлық мүшелері үшін медициналық қызметтердің түрі (санаты) бойынша сақтандыру төлемі Сақтандыру бағдарламасында өзгеше айтылмаса жалпы болып табылады;

1.47. Сақтандыру агенті, комиссиялық сыйақының бар-жоғы туралы мәлімет – Шарт бойынша көзделмеген;

1.48. Медицина қызметкерінің құпиясы - дербес медициналық деректер, медициналық көмекке жүгіну фактісі, адамның денсаулық жағдайы, оның ауруының диагнозы туралы ақпарат және оны зерттеп-қарау және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер медицина қызметкерінің құпиясын құрайды;

1.49. Сақтандыру тәуекелін арттыру – осындай жоғарылауға тікелей әсер ететін мән-жайлардың болуына/туындауына байланысты сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын арттыру. Шарт бойынша сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға әсер ететін мән-жайлар мыналар болып танылады:

1.49.1. Қазақстан Республикасында бекітілген әлеуметтік мәні бар аурулар мен айналадағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесіне кіретін аурулар;

1.49.2. №7 қосымшада көрсетілген ауруларды/жағдайларды анықтау;

1.49.3. созылмалы аурулар.

1.50. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (ӘМСҚ) - аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптарда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алуды және оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

1.51. Медициналық көрсетілімдер бойынша хирургиялық операция – дәрігердің тағайындауы бойынша жоспарлы операция;

1.52. Созылмалы ауру – асқыну және ремиссия кезеңдерімен сипатталатын ұзаққа (6 айдан астам) созылатын ауру;

1.53. Сақтанушы қызметкерінің отбасы мүшелері – жұбайы, 1 жастан 21 жасқа дейінгі балалар, тегін тіркелген кезде 70 жасқа дейінгі ата-аналары; жұбайы, 1 жастан 26 жасқа дейінгі қоса алғанда балалары, ақылы тіркелген кезде 75 жасқа дейінгі қызметкердің ата-анасы. Сақтандырылған отбасы мүшесі бір Шарт бойынша сақтандыруға екі рет қабылдана алмайды;

1.54. Шұғыл медициналық көмек - күтпеген жіті аурулар мен жай-күйлер, денсаулыққа елеулі зиянды болдырмау және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды талап ететін созылмалы аурулардың асқынуы кезінде сақтандырылушыға көрсетілетін қызметтер;

1.55. Шұғыл жағдай – бұл Сақтандырылған адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін және дереу медициналық араласуды талап ететін денсаулық жағдайының кенеттен күрт нашарлауы:

1.55.1. Кенеттен естен тану;

1.55.2. Жүрек-қантамыр қызметінің жедел дамитын бұзылулары (кенеттен пайда болған ауру немесе жүрек ырғағының бұзылуы);

1.55.3. Қан айналымының жіті бұзылуы (инсульт, инфаркт);

1.55.4. Тыныс алу мүшелерінің бұзылуы – ентігу, тұншығу;

1.55.5. Сал, тырысу талмалары;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.55.6. Қатты қан кету, қан құсу, ұдайы құсу және іш өту;

1.55.7. Зәрдің жіті кідіруі;

1.55.8. Ауырсынуды басатын ішілетін дәрілердің қабылдауымен тоқтатылмайтын айқын білінетін ауырсыну синдромы;

1.55.9. Ауыр аллергиялық реакциялар (анафилактикалық шок, Квинке ісінуі);

1.55.10. Азық-түлікпен, дәрі-дәрмектермен, химиялық және улы заттармен жіті улану;

1.55.11. Улы жыландар мен жәндіктердің шағуы;

1.55.12. Жарақаттар, сынықтар, жараланулар, буын шығулары;

1.55.13. 2-4 дәрежелі ауыр күйіктер және үсік, электр тогы мен найзағаймен зақымдану, жылу және күн өту;

1.55.14. Мидың шайқалуы мен соғылуы;

1.55.15. Барлық түрдегі демікпелер, суға бату, тыныс алу жолдарының бөгде денелері;

1.55.16. Артериялық қысымның кенеттен көтерілуі (гипертониялық криз);

1.55.17. 39 градустан жоғары, қызуды басатын ішілетін дәрілермен төмендетілмейтін жоғары қызба;

1.55.18. Жүрек және тыныс алудың тоқтауы;

1.55.19. Әр түрлі шығу тегі бар шок күйлері;

1.55.20. Шұғыл медициналық араласуды қажет ететін күрделі босану;

1.55.21. Қан кетумен немесе Сақтанушының өміріне қауіп төндіретін көптеген жарақаттар.

1.56. Шұғыл хирургиялық операция – Сақтандырылған адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шұғыл жағдайға байланысты оның медициналық ұйымға түскеннен кейін дереу Сақтандырылған адамға жасалған, кенеттен және алдын ала болжанбаған хирургиялық операция.

1.57. Төменде атап көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып есептеледі (төменде атап көрсетілген құжаттарға екі тарап қол қойған жағдайда):

1.57.1. №1 қосымша – Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі;

1.57.2. №2 қосымша – Техникалық саипаттама (Сақтандыру бағдарламасы);

1.57.3. №3 қосымша – Ішкі елдік құн үлесін есептеу нысаны;

1.57.4. №4 қосымша – Сақтандырылған адамдардың тізімі;

1.57.5. №5 қосымша - ЕПМ, медициналық ұйымдардың, дәріханалардың, медициналық үйлестірушілердің және өңірлер бойынша сенім білдірілген дәрігерлердің тізімі;

1.57.6. №6 қосымша – Сақтандыру сомасының есебі;

1.57.7. №7 қосымша – Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері;

1.57.8. №8 қосымша – Медициналық көмек көрсету регламенті, сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының (Сақтандырылған адамның) іс-әрекеті;

1.57.9. №9 қосымша – Сақтандыру сыйлықақысын, сақтандыру сомасын есептеу және сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату табелі;

1.57.10. №10 қосымша – Отбасының ақылы мүшесін тіркеуге арналған өтініш нысаны;

1.57.11. №11 қосымша – Созылмалы аурулары бар қызметкерлерді динамикалық бақылау бойынша есеп (медициналық тексеру қорытындысы бойынша);

1.57.12. Сақтандырушының (Медассистанстың) төлемдері бойынша №1 есеп, Шығындылық туралы №2 Есеп;

1.57.13. №13 қосымша – Банк кепілдігі (сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.57.14. №14 қосымша – Көрсетілген қызметтер актісі;

1.57.15. №15 қосымша – Сақтандырылған адамның кінарат-талабы (шағымы);

1.57.16. №16 қосымша – Сақтандырылған адамдардың медициналық шығындарын өтеуге арналған өтініш;

1.57.17. №17 қосымша – Сақтандыруға арналған сауалнама өтініш (Сақтанушы толтырады);

1.57.18. №18 қосымша – Шетелге шығатын адамдарды ерікті сақтандыруға арналған сауалнама өтініш;

1.57.19. №19 қосымша – Қашықтан медициналық қызмет көрсету регламенті;

1.57.20. №20 қосымша – Жалпы ақпарат;

1.57.21. №21 қосымша - Сақтандырушының (медициналық ассистанстың) және Сақтанушының (Сақтандырылушылардың) медициналық қызмет көрсетудің тиімділігі мен сапасын (ҚНК, KPI) есептеу әдістемесі;

1.57.22. №22 қосымша - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлеріне жыл сайынғы медициналық тексеруден өткізу кезінде көрсетілетін медициналық қызметтер көлемі;

1.57.23. №23 қосымша - мердігер мекемеге еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптары.

1.58. Келісім Сериясы_____. Сақтанушының резиденттік белгісі: 1-резидент. Сақтанушының экономика секторының коды: 6.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалды.

2.2. Осы Сақтандыру шартының мәні Сақтанушының қызметкерлері мен Сақтандырылған адамның тіркелген отбасы мүшелері ауырған жағдайда ерікті сақтандыру қызметтері болып табылады.

2.3. Сақтандыру шартының бағдарламасы мен талаптары шеңберінде медициналық қызметтерді алу бойынша шығындарына байланысты Сақтандырылған адамның мүліктік мүдделері Сақтандыру объектісі болып табылады.

2.4. Шартқа қол қою арқылы тапсырыс беруші сақтандырылушылардың денсаулық жағдайы туралы ақпаратты, сондай-ақ медицина қызметкерінің құпиясын құрайтын ақпарат пен құжаттаманы қоса алғанда, өзге де қажетті ақпарат пен құжаттаманы беруге өзінің келісімі мен келісімін растайды. Тапсырыс беруші өзінің келісімін білдіреді және Шартқа қол қою арқылы сақтандыру шарттарымен Сақтандырылғандардың келісімін алғанын растайды.

3. САҚТАНДЫРЫЛҒАН АДАМДАР

3.1. Таңдалған Сақтандыру бағдарламасына сәйкес жасы бойынша тұлғалар Сақтандырылған адамдар болып табылады.

3.2. Егер Тараптардың қосымша келісімімен өзгеше көзделмесе, бекітілген отбасы мүшелерінің саны Сақтандыру бағдарламасында көзделген. Сақтанушының қызметкері Шарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде, бір жасқа толған балаларды қоса алғанда, сондай-ақ егер қызметкер заңды некеге тұрған болса, осы талаптар негізгі Сақтандырылған адамның таңдап алынған Сақтандыру бағдарламасымен жабылған жағдайда, Сақтанушының жаңа мүшелерін тіркеуге құқылы. Бұл ретте, егер Сақтанушының қызметкері Сақтандыру бағдарламасында көзделген саннан артық отбасының қосымша мүшелерін сақтандырғысы келсе, онда отбасы мүшелерін қосымша тіркеу таңдалған Сақтандыру бағдарламасы бойынша қызметкердің есебінен жүзеге асырылады.

3.3. Сақтанушы Сақтандырылған адамдардың тізіміне (№4 қосымша) енгізілген, Сақтанушының қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың да Шартта көзделген Сақтандырылған тұлғаның барлық құқықтары болады.

3.4. Шарт Сақтандырылған адамдарды алдын ала диагностикалық-профилактикалық тексерусіз жасалады. Шарт жасасу үшін Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандырылған адамдардың тізімін ұсынуы тиіс (№4 қосымша).

3.4.1. Әрбір келесі сақтандыру кезеңіне (жылына) Сақтандырылғандар тізімін жаңарту алдыңғы кезең өткенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын жыл сайынғы негізде жүргізіледі.

3.5. Сақтандырушы төменде атап көрсетілген барлық талаптарға сәйкес тұлғаларды сақтандыруға қабылдайды:

3.5.1. бір жастан кіші емес балалар;

3.5.2. I, II топтағы мүгедек болып табылмайтын адамдар (негізгі ұстаушылардан басқа). I, II топтағы мүгедектігі бар Сақтандырылған адамдарға, мүгедек балаларға, осы мүгедектікке әкеп соқтырған ауруды, оның асқынулары мен салдарларын, сондай-ақ осы аурумен тікелей себеп-салдарлық байланыста болған кез келген жағдайды емдеуге арналған шығыстар өтелмейді;

3.5.3. Шарт жасасу кезінде ауруханада жатпағандар;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.5.4. сақтандыру шартында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, наркологиялық, психоневрологиялық, онкологиялық, тері-венерологиялық диспансерлерде есепте тұрмайтын, ЖИТБ-мен немесе туберкулезбен ауырмайтын адамдар.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Әрбір негізгі Сақтандырылған адам үшін сақтандыру сыйлықақысы таңдалған Сақтандыру бағдарламасымен айқындалады.

4.2. Шарт бойынша Сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы Шартқа №6 қосымшаға сәйкес есептеледі және Сақтандырушының барлық Сақтандырылған адамдарға қызмет көрсетуге байланысты барлық шығыстарын және Қазақстан Республикасында көзделген, ұлғаю жағына қарай өзгертуге жатпайтын салықтарды қамтиды. Шарт бойынша Сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының мөлшері Сақтандырылған адамдар тізіміне енгізілген барлық Сақтандырылған адамдар үшін сақтандыру сыйлықақыларының сомасын білдіреді.

4.3. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу әрбір сақтандыру кезеңі (жыл) үшін екі жарнамен жүзеге асырылады. Жалпы сақтандыру сыйлықақысының 70%. құрайтын бірінші жарнаны Сақтанушы сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңі басталған және Сақтандырушы төлем шотының тиісті түпнұсқасын ұсынған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлейді. Сақтандыру сыйлықақысының қалған сомасы (жалпы Сақтандыру сыйлықақысының 30%) Көрсетілген қызметтер актісіне (№14 қосымша) және Өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне қол қойылған күнгі Сақтандырылған адамдардың нақты саны мен сыйақының бұрын аударылған бөлігі (жалпы сақтандыру сыйлықақысы сомасының 70%-і) ескеріле отырып, Көрсетілген қызметтер актісіне және Өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне Тараптардың қол қоюы арқылы сақтандыру кезеңі (жылы) үшін Сақтандыру қорғанышының қолданысы аяқталуынан 10 (он) жұмыс күні бұрын түзетілуге тиіс. Бұл ретте Сақтандыру сыйлықақысының түзетілген екінші бөлігі Сақтандырушы төлеуге ұсынған шоттың негізінде Сақтандырушының есеп айырысу шотына әрбір жылдың _____ дейінгі мерзімде аударылуға тиіс.

4.4. Сақтандырушы Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Сақтанушының банктік шотына кепілдік ақшалай жарнаны аудару немесе №13 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындау сәтіне дейін қолданылу мерзімімен банк кепілдігін ұсыну арқылы Шарт сомасының 3% мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

4.5. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде мынадай кепілдік қабылданады

4.5.1. ҚР резидент банкінде Standard&Poor's бойынша «B-» төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі (бұдан әрі – Рейтинг), ал ҚР резидент банкінде Standard&Poor's бойынша рейтингі болмаған кезде, Fitch бойынша «B-» немесе Moody'sInvestorsService бойынша «B3» рейтингі не бас ұйымның (ҚР резидент банкі акцияларының 50%-нан астамы тиесілі) Standard&Poor's бойынша «BBB» деңгейінен төмен емес рейтингі, ал ҚР резидент банкінде Standard&Poor's бойынша рейтинг болмаған жағдайда Fitch бойынша «BBB» немесе Moody'sInvestorsService бойынша «Baa2» рейтингі болуына жол беріледі;

4.5.2. ҚР резидент банкінде Standard&Poor's бойынша «BBB» - ден төмен емес рейтингі бар, ал Standard&Poor's бойынша ҚР резидент емес банк рейтингі болмаған жағдайда, Fitch бойынша «BBB» рейтингі немесе Moody'sInvestorsService бойынша «Baa2» рейтингі болуына жол беріледі.

4.6. Отбасының қосымша ақылы мүшелерін тіркеу үшін Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушының қызметкерлері тікелей Сақтандырушының кассасына дербес төлейді.

4.7. Сақтандырылған адамдардың тізіміне өзгерістер енгізілген кезде Сақтанушы қосымша төлейтін сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Шарттың 4.1, 4.6-тармағына және 13-бабына сәйкес айқындалады және Тараптардың қосымша келісімімен ресімделеді.

4.8. Сақтандырылған адамдардың саны өзгерген және төленген резервтен асып кеткен жағдайда, сақтандыру сыйлықақысын түзету Тараптардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімге қол қоюы арқылы жүргізіледі. Қосымша келісім бойынша сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы Сақтандырушы ұсынған төлем шоты негізінде бір мезгілде қолма-қол ақшасыз төлеммен қосымша келісімге қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төлейді. Бұл ретте, артық төленген резерв бойынша соманы Сақтандырушы Сақтанушыға 100% қайтарады.

4.9. Сақтандырылған адам Сақтандырылған адамдар тізімінен мерзімінен бұрын шығарылған жағдайда, осы Сақтандырылған адам бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмаған жағдайда, Сақтандырушы сақтанушыға осы Сақтандырылған адам үшін төленген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін №9 қосымшаға (сақтандыру сыйлықақысын, сақтандыру сомасын есептеу табеліне) немесе Тараптардың келісімі бойынша сәйкес қайтарады. Төленген сақтандырылған отбасы мүшелері үшін сақтандыру сыйлықақысын қайтару жүргізілмейді. Бұл ретте Сақтанушыға қайтарылуға жататын сақтандыру сыйлықақысын есептеуді және қайтаруды Сақтандырушы Сақтандырылған адамдар тізімінен сақтандырылған адамдар шығарылғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң жүзеге асырады.

4.10. 1 жылдан аз мерзімге сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақысы №9 қосымшаға сәйкес не Тараптардың келісімі бойынша есептеледі. Отбасы мүшесін сақтандырылғандар тізіміне қосымша енгізген кезде сақтандыру сыйлықақысы отбасының әрбір ақылы сақтандырылған мүшесі үшін толық көлемде төленеді.

4.11. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) Шарттың талаптарымен келісілген мерзімде төлемеген жағдайда, Сақтандырушының:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.11.1. сақтандыру сыйлықақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) 45 (қырық бес) жұмыс күнінен артық төленбеген күннен бастап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

4.11.2. егер сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиға, енгізу мерзімі 45 (қырық бес) жұмыс күнінен асқан сақтандыру сыйлықақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) төленгенге дейін басталған болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқығы бар.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ

5.1. Негізгі Сақтандырылған адам және сақтандырылған отбасы мүшелерінің сақтандыру сомасы таңдалған Сақтандыру бағдарламасымен айқындалады және Сақтандырылған адамдар үшін ортақ болып табылады, яғни негізгі Сақтандырылған адам және сақтандырылған отбасы мүшелері үшін бірыңғай болып табылады және №6 қосымшаға сәйкес белгіленеді.

5.2. Есептен шығарудың әрбір санаты бойынша сақтандыру сомасы барлық негізгі сақтандырылған отбасы және оған тіркелген барлық сақтандырылған отбасы мүшелері үшін ортақ болып табылады –- осы сома шегінде Сақтандырушы негізгі Сақтандырылған адамға және сақтандырылған отбасы мүшелеріне ұсынылған медициналық қызметтер мен дәрілік заттарды төлейді.

5.3. Шарт бойынша жалпы сақтандыру сомасының мөлшері №6 қосымшада көрсетіледі теңгені құрайды.

5.4. Шетелге шығатын адамдарды сақтандыру бойынша бір Сақтандырылушыға сақтандыру сомасының мөлшері халықаралық сақтандыру полисінде көрсетіледі.

5.5. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандыру сомасының мөлшері жүзеге асырылған Сақтандыру төлемінің мөлшеріне азаяды.

5.6. Шарттың 13-бабына сәйкес жүргізілген, Сақтандырылған адамды ауыстыру кезінде ауыстырылған Сақтандырылған адамның сақтандыру сомасы Шарттың 13-бабына сәйкес айқындалады.

5.7. Жаңа қызметкер (Сақтандырылған адам) Шарттың қолданылу кезеңінде Сақтандырылған адамдар тізіміне 12 (он екі) айдан кем мерзімге енгізілген жағдайда, есеп айырысу бір Сақтандырылған адамға арналған жалпы сақтандыру сомасының №9 қосымшасына және таңдап алынған Сақтандыру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету түрлері/санаттары бойынша барлық лимиттерге сәйкес немесе немесе Тараптардың келісімі бойынша Шартқа №2 қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

6. САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫНДА КӨЗДЕЛГЕН САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ТАУСЫЛУЫ ЖӘНЕ АРТЫҚ ЖҰМСАЛУЫ

6.1. Есептен шығару санатының бірі бойынша сақтандыру сомасының таусылуы және артық жұмсалуы Сақтандырушының есептен шығарудың осы санаты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерін тоқтатуға әкеп соғады.

6.2. Дальнейшие расходы по категории списания, по которой Страховая сумма, предусмотренная Программой страхования, была исчерпана, Страховщик имеет право не осуществлять страховую выплату.

6.3. Жауапкершілік лимиттерін есептен шығарудың бір санатынан екіншісіне ауыстыруға жол берілмейді. Есептен шығару санаттарының бірі бойынша сақтандыру сомасының таусылуы Шартты тоқтатуға әкеп соқпайды. Егер есептен шығарудың белгілі бір санаты бойынша шығыстардың жалпы сомасы есептен шығарудың осы санаты бойынша Сақтандыру бағдарламасында көзделген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кетсе, мұндай асып кету (лимиттің артық жұмсалуы) мөлшері Сақтандырушыға өтеледі.

6.4. Мұндай асып кету туындаған жағдайда, Сақтандырушы (Медициналық ассистанс) берешек туындаған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырылған адамды (Сақтанушыны) туындаған лимиттің артық шығыны туралы байланыс құралының кез келген қолжетімді тәсілімен (телефон, электрондық пошта немесе хат арқылы (бұл ретте сақтандырылушының телефон арқылы хабарламасы ол алды деп есептеледі) хабардар етеді және сонымен бір мезгілде осындай Сақтандырылған адамға медициналық қызметтердің сақтандыру өтелуін туындаған артық лимитті өтеу сәтіне дейін, бұл Шарт бүкіл отбасына қолданылады). Сақтандырылған адам үшін медициналық қызметтерді сақтандыруды қалпына келтіру үшін Сақтандырылған адам қарызды белгіленген лимиттен асып кеткен сома мөлшерінде төлеуі керек, содан кейін Сақтандырушы Сақтандырылған адам үшін ауырған жағдайда ерікті сақтандыру қызметтерінің әрекетін дереу қалпына келтіруге міндетті».

6.5. Лимиттің артық жұмсалуы болған Сақтандыру бағдарламасы бойынша Сақтандырылған адам хабарламаны алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушының кассасына (Медициналық ассистанска) қолма-қол ақша қаражатымен немесе Сақтандырушының (Медициналық ассистанстың) банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен лимиттің артық жұмсалуы сомасының мөлшерінде берешекті төлеуге міндетті.

6.5.1. 1 Сақтанушы (Сақтандырылған адам) берешекті көрсетілген кезеңде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң сақтандырудан кейін алып тастай отырып, медициналық пластикалық карточканың қолданылуын толық шектейді. Осы Сақтандырылған адам бойынша, сондай-ақ сақтандырылған отбасы мүшелері бойынша сақтандыру сыйлықақысын қайтару жүргізілмейді.

7. МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨРСЕТІЛІМДЕР

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.1. Медициналық көрсетілімдер – Шарт пен Сақтандыру бағдарламасына сәйкес осы Сақтандырылған адамда осы аурудың болу фактісінен туындайтын ауруды диагностикалау және емдеу бойынша қандай да бір медициналық қызметтерді алу үшін объективті себептер мен жағдайлар.

7.2. Медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектерді, Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырылған адамның ауруын диагностикалау мен емдеу курсын жүргізу үшін қажетті мөлшерде медициналық көрсетілімдерге сәйкес Отбасылық дәрігер және/немесе тар сала маманы тағайындайды.

7.3. Шұғыл медициналық көрсетілімдер – медициналық көмек дереу көрсетілуі тиіс және медициналық көмек көрсетуден бас тарту немесе кешіктіру ағзаның ауыр қайтымсыз жай-күйінің дамуына, тіпті өлімге дейін әкеп соқтыратын көрсетілімдер. Стационарлық емдеуге шұғыл көрсетілімдер – бұл медициналық көмек дереу, атап айтқанда, дәрігердің тәулік бойы бақылауы қажет болатын стационарлық режимде аурудың алғашқы тәулігінде және медициналық көмек көрсетуден бас тарту немесе кешеуілдеу ағзаның ауыр қайтымсыз жай-күйінің дамуына (ессіз жағдай, қан кету, жіті жарақаттар, уланулар, кез келген этиологиядағы шоктар және т.б. сияқты), тіпті өлімге дейін әкеп соқтыратын көрсетілімдер.

7.4. Стационарлық емдеуге емдік (жоспарлы) көрсетілімдер – Сақтандырылған адамның үздіксіз дәрігерлік бақылау немесе күрделі емдік-диагностикалық процедуралар жүргізу үшін тәулік бойы стационарда болуын қажет ететін Сақтандырылған адамның денсаулық жағдайының (алғаш рет пайда болған жіті аурулары немесе созылмалы аурулары салдарынан) нашарлауы. Сақтандырылған адамның стационарда болуын Отбасылық дәрігер/Медициналық ассистанстың медициналық үйлестірушісі бақылайды.

7.5. Шұғыл көрсетілімдер бойынша стационарлық емдеуді ұйымдастыру кезінде медициналық ұйымды және бөлімшені таңдауды Жедел медициналық көмек бригадасының дәрігері немесе клиника дәрігері, немесе отбасылық дәрігер қажетті медициналық көмекті, клиника бейінін, сондай-ақ Шарттың 8.4 тармағының талаптарын ескере отырып жүзеге асырады. Емдеу көрсетілімдері бойынша стационарлық емдеуді ұйымдастыру кезінде медициналық ұйымды және бөлімшені таңдауды Отбасылық дәрігер және/немесе тар сала маманы Сақтандырылған адамның қалауы бойынша, таңдалған Сақтандыру бағдарламасына сәйкес Сақтандырушының тізіміне (№5 қосымша) сәйкес жүзеге асырады.

7.6. Шұғыл көрсетілімдер бойынша амбулаториялық-емханалық қызметтер отбасылық дәрігердің қабылдауын, шұғыл консультациялық-диагностикалық іс-шараларды (таңдалған Сақтандыру бағдарламасы шеңберінде) және диагноз қою үшін қажетті және шұғыл жағдайды дереу тоқтатуға бағытталған емдеу процедураларын қамтиды.

7.7. Стационарлық емдеу курсы барысында Сақтандырушы отбасылық дәрігердің және/немесе тар сала маманының емдеуге жатқызу жолдамасында көрсетілген деректерге сәйкес диагностика мен емдеу шығыстарын өтейді.

7.8. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілмегендерден басқа, медициналық ассистанстың ішкі формулярлары бойынша дәрілік заттарды беруге заңдарда көзделген тәртіппен шектеу енгізуге жол берілмейді.

7.9. отбасылық дәрігердің және/немесе халықаралық патенттелмеген дәрілік заттар атауы бойынша тар сала мамандарының рецептісі және тағайындауы бойынша дәрілік заттарды беру бөлінген лимит шегінде Қазақстан Республикасының Ұлттық дәрілік формулярына сәйкес Сақтандырушы тізімі бойынша медициналық желіге қатысушы дәріханаларда жүргізіледі.

7.10. Медициналық және емдеу көрсетілімдері бойынша дәрігер жазып берген дәрілік заттар мен витаминдер Сақтандыру төлемімен жабылады.

8. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНДЫРЫЛҒАН АДАМНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ

8.1. Сақтандырылған адамның Медициналық ассистансқа және/немесе Сақтандырушы тізіміндегі медициналық ұйымдарға (№5 қосымша) ауру, жарақат, медициналық көмек көрсетуді немесе медициналық мамандардың консультациясын талап ететін өзге де негіздер бойынша жүгінуі, сондай-ақ Техникалық спецификациясында (Сақтандыру бағдарламасында) көзделген қызметтердің тізбесі мен көлеміне сәйкес басқа да жағдайлар (№2 қосымша) Шарт бойынша Сақтандыру жағдайы болып табылады.

8.2. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушыны Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері Шартқа №7 қосымшада көрсетіледі.

8.3. Сақтанушының (Сақтандырылған адамның) сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеті Шартқа №8 қосымшада көрсетіледі.

8.4. Сақтандырылған адамда стационарлық емдеуге шұғыл көрсетілімдер пайда болған жағдайда, Сақтандырылған адамның Медициналық асситансқа жүгіну мүмкіндігі болмаған жағдайда, Сақтанушы, Сақтандырылған адам өз бетінше немесе басқа адамдар арқылы Сақтандырушыға (Медициналық ассистансқа) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы оған сақтандыру жағдайының басталғаны белгілі болған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде хабарлауға тиіс.

8.5. Медициналық ассистансқа әрбір жүгінген кезде Сақтандырылған адам медициналық пластикалық карточканы және жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге міндетті. Сақтандырушының тізімі бойынша Медициналық қызметтерді алу Шарттың 8.4-тармағында көрсетілген шарттар сақталған жағдайда, шұғыл жағдайларды қоспағанда, Медициналық ассистанстың отбасылық дәрігерінен жолдама болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.6. Сақтанушы (Сақтандырылған адам) Шартты, медициналық пластикалық карточканы жоғалтқан жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылған адам) 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға жоғалту фактісі туралы жазбаша нысанда хабарлауға міндетті, бұдан кейін жоғалған құжаттар медициналық қызметтерді алу үшін негіз бола алмайды.

8.7. Сақтандырылған адамға медициналық пластикалық карточканы алған сәтке дейін Шарт және сақтандырылған адамның жеке басын куәландыратын құжат медициналық қызмет көрсету үшін негіз болып табылады.

8.8. Сақтандырылған адамның Сақтандыру бағдарламасында көзделген медициналық қызметтерді отбасы дәрігерінің және/немесе тар сала маманының келісімі және жолдамасы бойынша Сақтандырушының тізіміне кірмейтін медициналық ұйымдарға шұғыл, емдеу көрсетілімдері бойынша Сақтандырылған адамға қажетті немесе диагнозды белгілеу үшін қандай да бір себеппен медициналық қызмет Сақтандырушының тізімімен көрсетілуі мүмкін болмаған жағдайда ғана алуға құқығы бар.

8.9. Шарттың 8.8-тармағында көрсетілген жағдайларда. Сақтандырылған адам алған медициналық қызметтерді өз бетінше төлейді және Шарттың 10.3-тармағына сәйкес келтірілген шығындардың орнын толтыру үшін Сақтандырушыға құжаттарды ұсынады (№16 қосымша – Өтеуге арналған өтініш үлгісі).

8.10. Сақтандырушының тізімі бойынша медициналық қызметтерді алған кезде Сақтандырылған адам жолдама бланкісінде, дәріханада, стоматологиялық ем алған кезде тапсырыс-нарядта, дәрілік заттарды алған кезде рецептуралық бланкіде, не Отбасылық дәрігер қабылдаған кезде оған медициналық қызмет көрсету фактісін тіркеу тізілімінде өз қолымен растайды. Медициналық ассистанс Сақтандырушының тізіміндегі көрсетілген құжаттарды Сақтандырылған адамға оларға қол қою үшін ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті.

8.11. Сақтандырушының Республикалық маңызы бар қалалардағы медициналық желіге қатысушылардың тізіміне осы өзгерістер күшіне енгенге дейін 14 күнтізбелік күннен кешіктірмей Сақтанушыны хабардар етпестен өзгерістер енгізуге құқығы жоқ. Сақтанушы Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін Сақтандырушы (Медициналық ассистанс) тиісінше орындамаған жағдайда немесе Тараптардың келісімі бойынша Шартқа № 5 қосымшада көрсетілген Сақтандырушының тізімінде қажетті қызмет көрсету мүмкіндігі болмаған жағдайда, кез келген уақытта Сақтандырушыдан (Медициналық ассистанс) Сақтандырушының тізіміндегі өзгерістерді сұратуға құқылы.

14.7.21. №21 қосымша нысаны бойынша сақтандырушының (Медициналық ассистанстың) және сақтанушының (Сақтандырылушылардың) медициналық қызмет көрсетудің тиімділігі мен сапасының (ҚНК, KPI) негізгі көрсеткіштеріне 6 айда бір рет мониторинг жүргізуге және талқылау, кейіннен шартта көзделген шараларды қабылдауға;

14.7.22. Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

15. САҚТАНДЫРУ ОҚИҒАЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

15.1. Егер Тараптардың қосымша келісімінде өзгеше көзделмесе, онда Сақтандырушы № 7 қосымшада көрсетілген негіздерде Сақтанушының (Сақтандырылған адамның) шығыстары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.

16. ШАРТТЫ ТОҚТАТУ ТАЛАПТАРЫ

16.1. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті өкілдері жазбаша ресімдеген және қол қойған жағдайда заңды күші болады. Тиісті түрде ресімделген барлық өзгерістер, толықтырулар, сондай-ақ Шартқа қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады;

16.2. Шарттың қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

16.2.1. Шарттың қолданылу мерзімі өткенде;

16.2.2. Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;

16.2.3. Сақтандырушы Шартта белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған жағдайларда тоқтатылады.

16.3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Стандартта көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген не уәкілетті мемлекеттік органның Сақтандырушыны ерікті таратуға рұқсат беру туралы шешімі күшіне енген жағдайда Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылады;

16.4. Шарттың 16.3-тармағына сәйкес, Шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған күннен бастап Шарт тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі Тарап екінші Тарапты дереу хабардар етуге тиіс.

16.5. Шарттың 16.3.тармағынарда көзделген мән-жайлар бойынша Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Шарттың қолданылуының мерзімі өткен кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру кезеңіне барабар қайтарады.

16.6. Сақтандырушыны тарату кезінде сақтандыру сыйлықақыларын қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

16.7. Сақтандырушының кінәсінен Шарт талаптарының орындалмауынан Шартты мерзімінен бұрын тоқтату кезінде Сақтандырушы Сақтанушыға ол төлеген Сақтандыру сыйлықақысын толық қайтаруға міндетті.

16.8. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Тараптар Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын бір-бірін хабардар етуге міндетті. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелер көлемі айтылуы, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

17. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

17.1. Шарттан туындайтын талаптар (кінәраттар) Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі шегінде қойылуы мүмкін.

17.2. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

17.3. Егер келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы мен Сақтанушы Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Сақтанушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады.

18. ТЕЖЕУСІЗ КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ (ФОРС-МАЖОР)

18.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол тежеусіз күш жағдайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

18.2. Тараптар болжай алмайтын және оларға байланысты емес төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесінде Шарт жасасқаннан кейін туындаған жайттар, соның ішінде, бірақ аталғандарен шектелмей, техногендік және экологиялық апаттар, табиғи табиғи дүлей құбылыстар мен апаттар, өрт, су тасқыны, эпидемия, жер сілкінісі, әскери іс-қимылдар, жаппай тәртіпсіздіктер, Тараптардың шарттық

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

міндеттемелерді орындауына кедергі келтіретін мемлекеттік билік органдарының шешімдері тежеусіз күш жағдайлары деп түсініледі.

18.3. Шарттың 18.2-тармағында көрсетілген жағдайлар салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындай алмайтын Тарап кейін осы жағдайлардың туындағанын растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, 48 сағат ішінде екінші Тарапқа осындай жағдайлардың басталғаны жөнінде жазбаша түрде хабарлауға тиіс. Көрсетілген құжаттарды Қазақстан Республикасының уәкілетті органы немесе сауда-өнеркәсіп палатасы растауы және куәландыруы тиіс.

19. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

19.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

19.2. Сақтандырушы өз шарттық міндеттемелерін бұзған жағдайда, Сақтанушы төмендегі санкцияларды қолдануға құқылы: Шартты бұзу және/немесе Сақтанушыға төмендегі мөлшерлерде айыппұл төлеу. Сақтандырушының жауапкершілігі:

19.2.1. Сақтандырушы Шартта келісілген Қызметтер көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті;

19.2.2. Сақтандырушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді;

19.2.3. Қызметтердегі ішкі нарықтағы құнның нақты есебін ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-і мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді;

19.2.4. Сақтандырушы Сақтанушының талабы бойынша Шарт бойынша Орындаушының міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған (отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемесін қоса алғанда) әрбір жағдай үшін, тиісті медициналық қызметтің жалпы құнының 10%-і мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті (Қызметтер көрсетуді кешіктіру жағдайларын қоспағанда), олар көрсетілмеген немесе тиісінше көрсетілмеген;

19.2.5. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын Сақтандырушының, сондай-ақ оның қосалқы орындаушыларының қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

19.2.6. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды сақтамағаны/бұзғаны үшін Сақтандырушы/қосалқы орындаушы Шартқа №5-қосымшада көзделген жауапкершілікте болады;

19.2.7. Осы Шарттың 8-бөлімінде және Шартқа №23-қосымшада көзделмеген осы Шартты орындау кезінде өзге де бұзушылықтар анықталған жағдайда, Сақтандырушы осы Шартқа сәйкес ресімделген құжат негізінде Шарт сомасының 0,1%-і мөлшерінде айыппұл төлейді;

19.2.8. Сақтанушы Шартты бір жақты тәртіппен бұзған кезде, Сақтанушы Шарттың 19.2.4.-тармағында көзделген айыппұлды Сақтандырушыға төлеуге міндетті;

19.2.9. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Сақтанушының ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) Сақтандырушының қызметкерлері Сақтанушының аумағында/объектісінде болған кезде анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Сақтанушының талаптары орындалмаса, Сақтандырушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

19.2.10. Сақтанушы осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және Сақтандырушы белгіленген мерзімде осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайда, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыға Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарлауға және Сақтанушының бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (шығысы жұмыстарды/қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының талабы бойынша, қайтарылуға жататын соманың 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын Сақтанушының ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін өсімпұл төлеуге міндетті;

19.2.11. Сақтандырушы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған/орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарттың 19.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу туралы талаптардан басқа, Сақтанушы шартты орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуға құқылы;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

19.2.12. Тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша, залал тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық сомада өтелуі тиіс;

19.2.13. Сақтандырушы кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен жойған жағдайда, Сақтанушы мұндай шығындарды Сақтандырушыға өтейді;

19.3. Сақтандырушы Сақтандырушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Сақтанушыға тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.

19.4. Сақтандырушы Шартта белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты бір жақты тәртіппен бұзады, әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз ету ұстап қалады, сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға Сақтандырушы туралы мәліметтерді Қордың Сенімсіз өнім берушілер тізбесіне енгізу үшін ақпарат жіберіледі, Сақтандырушы сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін сатып алу туралы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін толық және тиісінше орындаған жағдайлар ерекшелік болып табылады.

19.4.1. Сақтанушы құжаттарды ұсынуды негізсіз кешіктірген жағдайда (егер шарттың талаптары бойынша Қызметтер көрсету үшін Сақтанушының Сақтандырушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Сақтандырушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Сақтандырушы Сақтанушыдан кешіктіруден келтірілген шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді, сондай-ақ Шарттың талаптарына өзгерістер енгізбей, Қызметтер көрсету мерзімін осындай кешіктіруге барабар ұлғайтуды талап етуге құқылы.

19.5. Сақтанушының жауапкершілігі:

19.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс;

19.5.2. Сақтандырушы ұсынған аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету кешіктірілген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға аванстық төлем сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс;

19.5.3. Сақтанушы Қызметтерді қабылдауды кешіктірген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы;

19.5.4. Сақтандырушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуі тиіс;

19.5.5. Сақтанушы Қызметтер көрсету актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан кешіктіру сомасының 0,1%-і мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-інен аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы;

19.5.6. Сақтанушы құжаттарды ұсынуды негізсіз кешіктірген жағдайда (егер шарттың талаптары бойынша Қызметтер көрсету үшін Сақтанушының Сақтандырушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Сақтандырушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Сақтандырушы Сақтанушыдан кешіктіруден келтірілген шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді, сондай-ақ Шарттың талаптарына өзгерістер енгізбей, Қызметтер көрсету мерзімін осындай кешіктіруге барабар ұлғайтуды талап етуге құқылы.

19.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

19.7. Тұрақсыздық айыбын төлеуді Сақтандырушы Сақтанушының уәкілетті тұлғасы қол қойған тиісті жазбаша хабарламаны және төлем шотын алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүргізеді. Сақтандырушы Сақтанушы Сақтандырушыға тұрақсыздық айыбын төлеу үшін қойған шот, орындалған Қызметтер үшін ақы төлеу және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша біртектес қарсы талаптарды есепке алуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісіне қосылуына келіседі.

19.8. Егер Сақтандырушы Қызметтерді уақтылы орындамау немесе Сақтандырушының Қызметтерді толық немесе ішінара орындамауы Сақтанушының/Сақтандырылушының кінәсінен болғанын дәлелдесе, Сақтанушы тұрақсыздық айыбын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы.

19.9. Шарттың 19-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше мән-жай туындаған кезде, Сақтанушы шектеусіз бір мезгілде бірнеше айыппұл санкциясын қолдануға құқылы.

19.10. Сақтандырушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Сақтанушы белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Сақтандырушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

19.11. Сақтандырушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Сақтанушы Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Сақтандырушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалуға құқылы.

19.12. Сақтанушы алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға нақты Қызметтер көрсету кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Сақтанушы енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

19.13. Сақтанушы осы Шарт және Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төленуге тиіс сомалардан, Сақтандырушыға Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан өтелуге жататын нақты залал мен жіберілген пайданы ұстап қалуға Сақтандырушының құқылы екеніне келіседі.

20. ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ

20.1. Сақтандырушы көрсетілетін Қызмет бойынша ішкі елдік құнның есебін осы Шарттың 14.7.8-тармағында белгіленген мерзімдерде және Шартқа №3 Қосымшада көзделген нысан бойынша ұсынуға міндетті.

20.2. Сақтандырушы Қызметтердегі ішкі елдік құн бойынша ұсынылатын ақпараттың шынайылығына кепілдік береді.

21. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

21.1. Тараптардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарына және мақсаты шаруашылық қызметпен байланысты дәйектілікті жеңілдету, қандай да бір мәселелердің жылдам шешілуін қамтамасыз ету болып табылатын жәрдемдесу үшін төлем/төлемдер жасалуына тыйым салатын парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды.

21.2. Тараптар өздерінің, сондай-ақ олардың қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын (бұдан әрі – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама») бұзатын не бұзуға ықпал ететін іс-қимылдар жасамағанын, жасауға итермегенін, қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу мақсатында осы тұлғалардың іс-қимылдарына немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген адамға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемегенін, төлеуге ұсынбағанын және төлеуге рұқсат етпегенін растайды.

21.3. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, сондай-ақ олардың қызметкерлері Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен пара беру/алу, коммерциялық сатып алу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын іс-қимылдар ретінде сараланатын іс-қимылдарды жүзеге асырмайды.

21.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтауға және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін қажетті шаралар қабылдауға міндеттенеді.

21.5. Сақтандырушыда Шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелерін бұзу орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жедел желісі, телефоны арқылы Сақтанушыны дереу хабардар етуге міндеттенеді, телефон: +7 7172 786-565, e-mail: doverie@kmg.kz.

22. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

22.1. Сақтандырылған адам Шарттың қолданылу кезеңінде шетелге шыққан кезде Қазақстан Республикасынан шетелге шығатын адамдарды сақтандыру бойынша Сақтандыру бағдарламасында көзделген медициналық қызметтерді алуға құқығы бар.

22.2. Қазақстан Республикасынан шетелге шығатын тұлғаларды сақтандыру шартын ресімдеу үшін Сақтандырылған адам № 18 қосымшаны (Сақтанушының (Сақтандырылған адамның) Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс жерлерге шығатын адамдарды сақтандыру шартын жасасу туралы өтінішінің нысаны) толтыруы және Сақтандырушының (Сақтандыру менеджерінің) электрондық адресіне жіберуі тиіс. Сақтандырылған адам 3 (үш) тәулік бұрын өтінішті толтырып, уақытша болатын елін, шетелде болатын күн санын көрсете отырып, болжанып отырған сапары туралы Сақтандырушыға ескертуге, сондай-ақ паспортының көшірмесін ұсынуға тиіс.

22.3. Сақтандырушы Сақтандырылған адамға Қазақстан Республикасынан шетелге шығатын адамдарды сақтандыру шартын беруге міндетті, онда Сақтандырылған адамға уақытша болатын елінде сақтандыру жағдайы басталған кезде жүгіне алатын медициналық ұйымдардың тәулік бойғы телефондары көрсетіледі.

23. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

23.1. Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын барлық құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

23.2. Сақтандырушы деректемелер мен төлем егжей-тегжейі туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Шарт бойынша ақпаратты байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық- Қазына» АҚ ақпараттық-талдау жүйесіне деректер беру қорғалған арналары арқылы көшірме-үзінділерін Сақтандырушыға қызмет көрсететін контрагент банктердің жолдауы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-қа ашу құқығы болатындығына келіседі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

23.3. Бұл бөлім Шарт мәніне қатысты мәселелерді олардың практикалық шешім табуы мүддесінде немесе ақпаратты жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген болса немесе мұндай жария ету уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылған жағдайларда сот қарауының жағдайларына қолданылмайды.

23.4. Құпия ақпаратқа мыналар жатады:

23.4.1. Тараптардың қаржылық не шаруашылық қызметіне іскерлік қатынасы бар мән-жайлар;

23.4.2. осы Шартты орындауға қатысы бар Тараптар және олардың лауазымды тұлғалары туралы деректер, олардың дербес деректері, мекенжайлары, телефон нөмірлері және т.б.;

23.4.3. Шарттың мәніне қатысы бар үшінші тұлғалар туралы ақпарат, олардың лауазымды тұлғаларының аттары мен басқа жеке деректерін қоса алғанда;

23.4.4. Шарттың талаптары, сондай-ақ Қызмет көрсету барысында алынған кез келген ақпарат;

23.4.5. Тараптар Шартты орындау барысында құпия деп таныған кез келген өзге ақпарат.

23.5. Осы бөлімнің ережелері Тараптардың әрқайсысына, сол сияқты Тараптардың штаттық персоналы болып табылатын барлық адамдарға, оның ішінде олармен еңбек құқықтық қатынастарын тоқтатқаннан кейін де, не олар келісімшарттар не еңбек келісімдері негізінде тартқан адамдарға және осындай мәліметтер мен ақпаратқа рұқсаты бар басқа да адамдарға құпия ақпаратты жарияламау жөніндегі міндеттерді жүктейді.

23.6. Тараптар заңды бұзып құпия ақпаратты ашу нәтижесінде екінші Тарапқа зиян келтіргені үшін бірінің-бірі алдында жауапты болады. Жауапкершілік туралы қағидалар Шартқа қол қою күні немесе оның қолданылу мерзімі ішінде ақпарат немесе мәлімет Тараптардың кінәсі бойынша емес кеңінен танылған жағдайларда қолданылмайды.

24. ХАТ-ХАБАР

24.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат-хабар алмасу, хабарлама, нұсқаулықтар, келісім, бекіту, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер беру немесе шығару қажет болса және, егер өзгеше түрде айтылмаса, онда хат-хабар алмасудың мұндай түрі негізсіз бас тартусыз және кідіртусіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

24.2. Осы Шартқа сәйкес және онымен байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарттың нөмірі көрсетіліп, Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

24.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуы тиіс кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекіту, келісім, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасы ұсыныла отырып, пошта хабарламасы, факс немесе электрондық пошта арқылы қолма-қол немесе тапсырыс хатпен ұсынылуы тиіс.

24.4. Курьерлік почтамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (ерте алынғанын растау болмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

24.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілуін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

25. БАСҚА ШАРТТАР

25.1. Сақтандыру шарты Сақтандырылған адамды алдын ала диагностикалық-профилактикалық тексерусіз жасалады.

25.2. Тараптардың келісімі бойынша Шартқа ерекше талаптар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, ерекшеліктер) қосылуы, сондай-ақ өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар міндетті түрде жазбаша нысанда жасалуы тиіс және Тараптардың уәкілетті өкілдері оларға қол қоюы тиіс.

25.3. Егер Сақтандырушы бірдей медициналық қызметтерді әр түрлі сапалы деңгейде көрсететін медициналық ұйымдармен (жоғары сапалы медициналық техника, жаңа медициналық технологиялар, біліктілігі жоғары деңгейдегі дәрігерлер пайдаланылатын) шарттар жасасса, және бұл емдеу құнына және өзге де медициналық қызмет көрсету құнына әсері болса, сақтандыру ережелеріне бірдей медициналық қызметтерді жоғарыда көрсетілген белгілер бойынша сараланған әр түрлі медициналық мекемелердің/ұйымдардың көрсету нұсқалары енгізілуі мүмкін.

25.4. Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алаяқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

25.5. Егер Тараптардың қосымша жазбаша келісімімен келісілмесе, Сақтандырушының және (немесе) Сақтанушының құқықтары мен міндеттерінің басқа тұлғаларға ауысуына жол берілмейді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

25.6. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) данадан, бірдей заңды күші бар орыс және қазақ тілдерінде 4 (төрт) данада жасалды. Тараптар алмасатын шартқа қатысты барлық хат алмасу және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуге тиіс.

25.7. Шарттың 25.9-тармағына сәйкес ресімделген құжаттарды қоспағанда, Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөлігі болып табылады.

25.8. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

25.9. Тарап оның орналасқан жері және/немесе банк деректемелері өзгерген кезде он күн мерзімде жаңа мекенжайы және/немесе жаңа банк деректемелері туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлауға міндетті. Екінші Тарап осы тармақта көзделген хабарламаны алғанға дейін Тараптың алдыңғы орналасқан жерінің мекенжайы бойынша жіберілген кез келген жазбаша хабарламалар, хаттар және басқа да құжаттар орындалған (жарамды) болып есептеледі, ал Тараптың бұрынғы банктік деректемелері бойынша жүзеге асырылған төлемдер тиісінше жасалған болып есептеледі. Осы тармақта көзделген хабарламалар оларды хабарланатын Тарап алған күннен бастап Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және Шарттың талаптарын Тараптардың қосымша келісім ресімдеуінсіз өзгертеді. Шартта көзделмеген барлық қалған жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

26. САНКЦИЯЛЫҚ ЕСКЕРТПЕ

26.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Сақтандырушының кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Сақтандырушы: (a) Сақтандырушы да, оның үлестес тұлғалары да, Сақтандырушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді. Сақтандырушының Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Сақтандырушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Сақтандырушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан.

26.2. Егер Сақтандырушының қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Сақтандырушы екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтандырушының осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

26.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) олар бұзушылыққа немесе өнімді жеткізуді/көрсетілетін қызметті тоқтатуға әкелуі мүмкін (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

26.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

(«Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

26.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

26.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

26.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не иной другой валюте жүзеге асыру Сақтанушы үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, 26.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда 26.5 және 26.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

26.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не иной другой валюте жүзеге асыру Өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Сақтанушы Өнім берушіні бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны басқа валютада («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

26.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 26.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша Тараптар келіскен басқа елдің Ұлттық Банкі жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

26.10. Шарттың жалпы қолданылу мерзіміне қарамастан, санкциялық міндеттемелерге қатысты Шарттың күші Шарт толықтай немесе ішінара бұзылған, одан бас тартылған, жарамсыз деп танылған, мерзімі аяқталған немесе тоқтатылған жағдайларда да толық көлемде сақталады.

27. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ	_____
Астана қ., Есіл ауданы, көшесі Дінмұхамед Қонаев, ғимарат 8, т.е.б. 1	_____ _____
БСН 020240000555	БСН _____
БСК HSBKKZKX	БСК _____
ЖСК KZ356010111000002033	ЖСК _____
АО “Народный Банк Казахстана”	_____
Тел.: +7 (717) 278-6180	Тел.: _____
_____ _____	_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	ТЖҚЖС санаттың атауы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Жыл	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
8 У	Ауырған жағдайда медициналық сақтандыру бойынша қызметтер, Сырқаттану жағдайы туындаған кездегі медициналық сақтандыру бойынша қызметтер		Қызметкерлерді ерікті медициналық сақтандыру қызметі	1.000					1 137 185 000	ҚАЗАҚСТАН, ҚР барлық аумағы	-	01.2027 бастап 12.2029 дейін (қоса алғанда)	Алдын ала төлем - 70%, Аралық төлем - 30%, Соңғы төлем - 0%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Шарттың №3
қосымшасы**

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушылары болып табылмайтын ұйымдармен жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық бағасы	коэффициент 1 тең, егер шартты қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушысы орындайтын болса, әйтпесе коэффициент 0 тең;	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5	6	7(=(4-5)*6)
						0,00
						0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6 (=∑7(кесте 1)/5*100%)
					100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке услуг №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Национальная компания "КазМунайГаз", именуемое в дальнейшем Страхователь, в лице _____ _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем Страховщик, в лице _____ _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и организаций пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденным решением Совета директоров АО «Самрук-Қазына» (№193 от «03» марта 2022 года) (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупках услуги (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

1. ТЕРМИНЫ И ПОНЯТИЯ

1.1. Административные расходы - расходы Страховщика по ведению и администрированию Договора;

1.2. Амбулаторно-поликлиническая помощь- предоставление Застрахованным медицинских услуг и амбулаторно-поликлиническом режиме в медицинских организациях из списка Страховщика, а также в других медицинских организациях, письменно согласованных со Страховщиком и в случаях, предусмотренных Договором;

1.3. Амбулаторно-поликлиническая помощь по экстренным показаниям- оказание Застрахованному экстренной медицинской помощи, направленной на устранение угрожающих для жизни экстренных состояний в амбулаторно-поликлинических условиях, Амбулаторно-поликлиническая помощь по экстренным показанием включает в себя и ограничивается:

1.3.1. Первичной консультацией семейного врача, при необходимости врача специалиста;

1.3.2. Лабораторно-инструментальными исследованиями, а именно: общий анализ крови, общий анализ, мочи, УЗИ диагностика, ЭКГ диагностика, рентген диагностика;

1.3.3. Открытием Застрахованному листа временной нетрудоспособности.

1.4. Амбулаторно-поликлиническая помощь по лечебным показаниям- оказание медицинских услуг в амбулаторно-поликлинических условиях при возникновение Застрахованных острых или обострение хронических заболеваний. Амбулаторно-поликлиническая помощь включает в себя консультации семейных врачей и врачей-специалистов, услуги среднего медицинского персонала, услуги физиотерапии, массаж, полную экспертизу временной нетрудоспособности;

1.5. Врач – специалист, имеющий высшее медицинское образование, осуществляющий оказание медицинских услуг Застрахованным на основании договора с медицинской организацией или с медицинским ассистансом; а также специалисты, занимающиеся на основании соответствующей лицензии частной медицинской практикой;

1.6. Выгодоприобретатель - лицо, которое в соответствии с Договором является получателем страховой выплаты. Выгодоприобретателями признаются:

1.6.1. в случае организации и предоставление услуг Медицинским ассистансом и/или медицинскими организациями – Медицинский ассистанс;

1.6.2. в случае самостоятельной оплаты услуг Застрахованным, на условиях Договора – Застрахованный.

1.7. Гарантированный объем бесплатной медицинской помощи (ГОБМП) – гарантированный объем бесплатной медицинской помощи - объем медицинской помощи, предоставляемой за счет бюджетных средств;

1.8. Госпитализация (стационарное лечение) – оказание медицинской помощи Застрахованному в стационарных условиях сроком не менее одних суток;

1.9. Госпитализация (стационарное лечение) по плановым показаниям – госпитализация в медицинские организации из Списка Страховщика, осуществляемая для обследования и/или лечения обострения хронических заболеваний Застрахованного после предварительного осмотра и диагностики врачом специалистом (семейный врач, узкий специалист) и по направлению семейного врача;

1.10. Госпитализация (стационарное лечение) по экстренным показаниям – госпитализация в медицинские организации из Списка Страховщика в случае внезапного ухудшения состояния здоровья, представляющего угрозу жизни Застрахованного;

1.11. Дистанционные медицинские услуги – предоставление медицинских услуг в целях диагностики, лечения, медицинской реабилитации и профилактики заболеваний и травм, проведения исследований и оценок посредством цифровых технологий, обеспечивающее дистанционное взаимодействие медицинских работников между собой, с физическими лицами и (или) их законными

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

представителями, идентификацию указанных лиц, а также документирование совершаемых ими действий. Данная услуга предоставляется квалифицированными медицинскими специалистами, работающими в медицинских организациях с лицензируемым видом деятельности на территории Республики Казахстан. При спорных и сложных случаях заболевания с учетом получения второго медицинского мнения врача за пределами территории Республики Казахстан.

1.12. Дневной стационар – предоставление Застрахованному, по направлению семейного врача, медицинских услуг в отделениях/палатах дневного пребывания в стационарах/организациях из списка Страховщика. Дневной стационар включает в себя предоставление услуг:

1.12.1. консультации врачей-специалистов по профилю заболевания Застрахованного;

1.12.2. проведение необходимых лабораторно-инструментальных методов диагностики;

1.12.3. услуги среднего медицинского персонала, назначенные семейным врачом или врачом специалистом.

